

Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің орынбасары - Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2023 жылғы 30 маусымдағы № 279 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2023 жылғы 30 маусымда № 32977 болып тіркелді.

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрық 01.07.2023 бастап қолданысқа енгізіледі

"Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабы 14-4) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабы 1) тармақшасына және "Мемлекеттік статистика туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 16-бабы 3-тармағының 2) тармақшасына сәйкес,
БҰЙЫРАМЫН:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 28.02.2024 № 55 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес қоса беріліп отырған жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттары бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрлігі мен Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің кейбір бұйрықтарының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Көші-қон комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен мыналарды қамтамасыз етсін:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

3) осы бұйрық Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелгеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау бірінші вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық 2023 жылғы 1 шілдеден бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға тиіс.

Қазақстан Республикасы

Премьер-Министрінің орынбасары -

Т. Дуйсенова

Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ауыл шаруашылығы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ғылым және жоғары білім министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
индустрия және инфрақұрылымдық
даму министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Мәдениет және спорт министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Оқу-ағарту министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Цифрлық даму, инновациялар
және аэроғарыш министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының
Ішкі істер министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Экология және табиғи
ресурстар министрлігі
"КЕЛІСІЛДІ"
Қазақстан Республикасының
Энергетика министрлігі

Қазақстан Республикасы
Премьер-Министрінің
орынбасары - Еңбек және
халықты әлеуметтік
қорғау министрі
2023 жылғы 30 маусымдағы
№ 279 бұйрығына
1-қосымша

**Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту, сондай-ақ
корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттары**

1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттары (бұдан әрі – Қағидалар) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 11-бабының 14-4) тармақшасына, "Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 10-бабының 1) тармақшасына сәйкес әзірленді және жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыруға рұқсаттар беру немесе ұзарту тәртібі мен шарттарын айқындайды.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) бос орын – жұмыс берушідегі бос жұмыс орны (лауазым);
2) жұмыс беруші – жұмыскер еңбек қатынастарында болатын жеке немесе заңды тұлға;

3) корпоративішілік ауыстыру – Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдің аумағында құрылған, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан және жұмыс істейтін заңды тұлғада Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес осы заңды тұлғаның Қазақстан Республикасының аумағында құрылған филиалдарына, еншілес ұйымдарына, өкілдіктеріне басшы, менеджер немесе маман лауазымында еңбек қызметін жүзеге асыратын шетелдікті немесе азаматтығы жоқ адамды еңбек шартында айқындалған, бірақ үш жылдан аспайтын мерзімге, еңбек шартын бір жылға ұзарту құқығымен уақытша ауыстыру;

4) маусымдық шетелдік жұмыскерлер – халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган мемлекеттік басқарудың тиісті саласына басшылықты жүзеге асыратын уәкілетті мемлекеттік органдармен келісу бойынша бекітетін кәсіптер тізбесіне сәйкес,

климат немесе өзге де табиғат жағдайларына байланысты белгілі бір кезең (маусым) ішінде атқарылатын маусымдық жұмыстарды орындау үшін жұмыс берушілер бір жылдан аспайтын мерзімге жұмысқа тартатын көшіп келушілер;

5) халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі жергілікті атқарушы орган (бұдан әрі – жергілікті атқарушы орган) - облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың халықты әлеуметтік қорғау және жұмыспен қамту саласындағы бағыттарды айқындайтын жергілікті атқарушы органы;

6) халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган – өз құзыреті шегінде халықтың көші-қоны саласындағы басшылықты, көші-қон процестерін реттеуді, халықтың көші-қоны саласындағы жұмысты үйлестіруді және мемлекеттік саясатты іске асыруды жүзеге асыратын орталық атқарушы орган;

7) шетелдік жұмыскер – экономиканың басым салаларында (экономикалық қызмет түрлерінде) сұранысқа ие кәсіптер бойынша өз бетінше жұмысқа орналасу үшін келген сондай-ақ Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілер тартатын, оның ішінде корпоративішілік ауыстыру шеңберінде келген көшіп келушілер;

8) шетелдік жұмыс күші – маусымдық шетелдік жұмыскерлерді қоса алғанда, жұмыс берушілер еңбек қызметін жүзеге асыру үшін, оның ішінде корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартатын шетелдік жұмыскерлер;

9) шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота – Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушіге тартуға рұқсат етілген шетелдік жұмыс күшінің рұқсат етілетін шекті саны;

10) шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат – Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тарту үшін жұмыс берушіге жергілікті атқарушы орган беретін белгіленген нысандағы құжат;

11) migration.enbek.kz ақпараттық жүйесі – көшіп-қонушыларды есепке алуды және олардың қозғалысын, сондай-ақ көші-қон саласында қызметтер көрсетудің мониторингін қамтамасыз ететін Электрондық еңбек биржасы (enbek.kz) цифрлық экожүйесінің кіші жүйесі.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2025 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-1. Ішкі еңбек нарығында тиісті кандидатураларды іздеуді жұмыс беруші бос жұмыс орындарының болуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Әлеуметтік кодексінің 103-бабы 2-тармағының 1) тармақшасына сәйкес электрондық еңбек биржасына (www.enbek.kz) жіберу жолымен жүзеге асырады.

Жұмыс беруші электрондық еңбек биржасына бос жұмыс орнының (орындарының) болуы туралы мәліметтерді берген күннен бастап күнтізбелік 15 (он бес) күн өткен соң

орналастырылған бос жұмыс орнын жариялау кодын көрсете отырып, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру туралы өтініш жібереді.

Ескерту. 1-тарау 2-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-2. Өтінішті жолдау кезінде "Шетелдік жұмыс күші" ақпараттық жүйесі тартылған шетелдік жұмыскерлермен тіркелген еңбек шарттары туралы деректерді алу үшін "Еңбек шарттарын есепке алудың бірыңғай жүйесі" (бұдан әрі – ЕШЕБЖ) және "Көші-қон полициясы" ақпараттық жүйелерімен өзара іс-қимылды жүзеге асырады.

Ескерту. 1-тарау 2-2-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-3. Осы Қағидаларға өзгерістер және (немесе) толықтырулар енгізу кезінде халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган әділет органдарында мемлекеттік тіркеуден өткеннен кейін 3 (үш) жұмыс күні ішінде енгізілген өзгерістер және (немесе) толықтырулар туралы ақпаратты Бірыңғай байланыс орталығына жібереді.

Ескерту. 1-тарау 2-3-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыруға рұқсат беру немесе ұзарту тәртібі мен шарттары

1-параграф. Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту тәртібі мен шарттары

3. "Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту" мемлекеттік қызметін алу үшін жұмыс беруші не ол уәкілеттік берген тұлға "электрондық үкіметтің" www.egov.kz (бұдан әрі – ЭҮП), www.elicense.kz веб-порталы немесе migration.enbek.kz порталы арқылы шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметін жүзеге асыру орны бойынша жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес "Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесінде (бұдан әрі – мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар тізбесі) көрсетілген құжаттарды қоса, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтінішті ұсынады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Процестің сипаттамаларын, нысанын, мазмұны мен нәтижесін қамтитын мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, өзге де мәліметтер осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандартында келтірілген.

5. Осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты (бұдан әрі – рұқсат) беру немесе ұзарту тәртібі мен шарттарын айқындау мақсатында жұмыскерлердің мынадай санаттары белгіленеді:

1) бірінші санат – басшылар мен олардың орынбасарлары;

2) екінші санат – кәсіптік стандарттарда, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығында, ұйымдардың басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін құрылымдық бөлімшелердің басшылары;

3) үшінші санат – кәсіптік стандарттарда, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығында, ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін мамандар;

4) төртінші санат – кәсіптік стандарттарда, Жұмысшылардың жұмыстары мен кәсіптерінің Бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығында, жұмысшылар кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларында белгіленген біліктілік талаптарына сәйкес келетін білікті жұмысшылар.

6. Жергілікті атқарушы орган өтініш берілген күнді есептемегенде бір жұмыс күні ішінде келіп түскен құжаттарды қарайды және жұмыс беруші не ол уәкілеттік берген тұлға ұсынған құжаттар топтамасының толықтығы мен дұрыстығын тексереді.

Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес құжаттарды толық ұсынбаған және (немесе) белгіленген нысан бойынша құжаттарды толтырмаған, сондай-ақ қолданылу мерзімі өткен құжаттарды ұсынған кезде жергілікті атқарушы орган өтінішті қабылдаудан бас тартуды (белгіленген нысан бойынша ұсынылмаған және (немесе) толтырылмаған құжаттарды және өзге де құжаттарды көрсете отырып) жүргізеді ережелерге сәйкес сәйкессіздіктер).

Жергілікті атқарушы орган басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қол қойылған өтінішті қабылдаудан бас тарту ЭҮП-дағы "жеке кабинетке" электрондық құжат нысанында өтініш берушіге жіберіледі.

Ескерту. 6-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2025 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

7. Жергілікті атқарушы органның қызметкері жұмыс беруші өтініш пен мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесіне сәйкес құжаттарды

ұсынған кезде оларды қабылдауды және тіркеуді өтініш келіп түскен күннен кейін бір жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Жұмыс беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар, заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу (қайта тіркеу), рұқсаттарды бергені үшін алымды төлеу туралы мәліметтерді жұмыс беруші тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады.

Жергілікті атқарушы орган өтініш тіркелген сәттен бастап алты жұмыс күні ішінде құжаттарды мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар тізбесіне сәйкес келуін қарайды.

Ескерту. 7-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Рұқсатты беру не беруден бас тарту туралы шешім жұмыс берушінің құжаттары тіркелген күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы орган басшысының бұйрығы түрінде қабылданады.

Жұмыс берушінің рұқсат алуға өтінішін бір әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде жергілікті атқарушы орган Жұмыс берушінің құжаттары қабылданған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қарайды.

Келісуші жергілікті атқарушы орган үш жұмыс күні ішінде (жұмыс берушінің құжаттары қабылданған күннен бастап) біреуден астам әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде қолданысы бар рұқсат беруді жергілікті атқарушы органға келісу туралы шешім ұсынады

Жергілікті атқарушы органның біреуден артық әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде қолданысы бар рұқсатты беруі немесе ұзартуы келісуші жергілікті атқарушы органның оң шешімін алғаннан кейін жүзеге асырылады.

Келісуші жергілікті атқарушы орган үш жұмыс күні ішінде (жұмыс берушінің құжаттары қабылданған күннен бастап) тиісті әкімшілік-аумақтық бірлікте рұқсатты беру немесе ұзарту туралы келісу не келісуден бас тарту туралы шешім жібереді.

Ескерту. 8-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Ұсынылған құжаттар бойынша дәлелді ескертулер туралы шешім қабылдаған кезде жергілікті атқарушы органның орындаушысы Қазақстан Республикасы Әкімшілік рәсімдік-процестік кодексінің (бұдан әрі - ҚР ӘРПК) 73-бабына сәйкес жұмыс берушіге не ол уәкілеттік берген тұлғаға мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы алдын

ала шешім, сондай-ақ көрсетілетін қызметті алушыға алдын ала шешім бойынша ұстанымын білдіру мүмкіндігі үшін тыңдауды өткізу уақыты мен орны туралы хабарламаны жібереді.

Көрсетілетін қызметті алушының қарсылығын алдын ала шешім бойынша көрсетілетін қызметті беруші оны алған күннен бастап 2 жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Тыңдау нәтижелері бойынша жергілікті атқарушы орган шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беруге өтінішті қабылдау туралы шешім қабылдайды немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден дәлелді бас тартуды қалыптастырады.

Жергілікті атқарушы орган басшысының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі - ЭЦҚ) қол қойылған өтінішті одан әрі қараудан дәлелді бас тарту ЭҮП-дағы "жеке кабинетке" электрондық құжат нысанында өтініш берушіге жіберіледі.

Ескерту. 9-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2025 № 302 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

10. Жергілікті атқарушы орган шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты беру, ұзарту не беруден, ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде "Әкімшілік іс жүргізулердің бірыңғай тізілімін", "Көші-қон полициясы" ақпараттық жүйелерінде, "ЕҚЖҚ" АЖ-да тіркелген бұзушылықтар туралы мәліметтердің, сондай-ақ "ШЖК" ААЖ, "ЕШЕБЖ" ИАЖ-да мәліметтердің болуына тексеруді жүзеге асырады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Рұқсатты беруден бас тарту туралы шешім қабылдау үшін негіздер болған кезде жергілікті атқарушы орган ҚР ӘРПК 73-бабына сәйкес жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" не телекоммуникациялық құралдар арқылы мемлекеттік қызмет көрсету туралы алдын ала шешім туралы хабарламаны жібереді/хабарлайды.

Хабарламада осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген бас тарту негіздері көрсетіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

13. Рұқсат беру туралы шешім қабылданған жағдайда, жергілікті атқарушы орган оны қабылдаған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-қосымшаға

сәйкес жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" хабарлама жібереді.

14. Төртінші санат бойынша рұқсат беру кезінде жұмыс беруші алты айдан бір жылға дейінгі кезеңде шетелдік жұмыскерлерді төртінші санатқа жататын бірдей лауазымдар немесе өзге де лауазымдар бойынша қазақстандық азаматтарға ауыстыруды жүзеге асырады.

Рұқсаттарды беру кезінде шетелдік жұмыскерлерді қазақстандық азаматтарға ауыстыруды келісу осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес жүзеге асырылады.

Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алған жұмыс берушілер осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес migration.enbek.kz ақпараттық жүйесіне шетелдік жұмыскерлерді қазақстандық азаматтарға ауыстыру және тартылатын шетелдік жұмыс күші туралы мәліметтерді енгізеді.

Ескерту. 14-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

15. Маусымдық шетелдік жұмыскерлерді тартуға рұқсат беру "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 14-6) тармақшасына сәйкес айқындалатын кәсіптер тізбесі бойынша жүзеге асырылады.

16. Жергілікті атқарушы орган халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлген квота шегінде рұқсат береді.

16-1. Шетелдік жұмыскерлерді тартуға рұқсат Қазақстан Республикасының аумағында еңбек қызметін жүзеге асыру үшін жұмыс берушілер тартатын шетелдік жұмыс күшінің білім деңгейі (кәсіптік даярлығы) және практикалық жұмыс тәжірибесі (өтілі) кәсіптік стандарттарға немесе Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына және Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына сәйкес келгенде беріледі.

Ескерту. 2-тарау 16-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қолданыстағы, бұрын берілген рұқсаттардың саны халықтың көші-қоны мәселелері жөніндегі уәкілетті орган бөлген тиісті күнтізбелік жылға шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған квота санынан аспайды.

18. Біреуден артық әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде әрекет ете отырып, шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру аумағына жұмыс беруші рұқсатты беруге немесе

ұзартуға өтініш берілген жергілікті атқарушы органның (дардың) рұқсатының қолданылуын таратуға өтініш білдірген жергілікті атқарушы органның келісуі шартымен жүзеге асырылады

Келісу Мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар тізбесінің 9-тармағында көзделген бас тарту үшін негіздер болмаған кезде жүзеге асырылады.

Ескерту. 18-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

19. Жергілікті атқарушы органның рұқсаттарды беруі немесе ұзартуы мынадай шарттар сақталған кезде жүзеге асырылады:

1) жіберуші тараптың персоналды ұсыну жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шарт шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыратын қызметкерлерін ескере отырып, бірінші және екінші санаттарға жататын жұмыскерлердің тізімдік санының кемінде 70 %-ы Қазақстан Республикасы азаматтарының саны;

2) жіберуші тараптың персоналды ұсыну жөніндегі қызметтер көрсетуге арналған шарт шеңберінде еңбек қызметін жүзеге асыратын қызметкерлерін ескере отырып, үшінші және төртінші санаттарға жататын жұмыскерлердің тізімдік санының кемінде 90 %-ы Қазақстан Республикасы азаматтарының саны.

Кадрлардағы жергілікті қамтуды есептеу кезінде шетелдік қызметкерлер қатарында Қазақстан Республикасының "Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартты ратификациялау туралы" заңымен ратификацияланған Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа қатысушы мемлекеттердің азаматтары есепке алынбайды.

Жұмыс беруші кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпаратты осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті атқарушы органға ұсынады.

20. Осы Қағидалардың 19-тармағының күші мыналарға қолданылмайды:

1) жұмыскерлер саны 20 адамнан аспайтын шағын кәсіпкерлік субъектілері;

2) мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар;

3) "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 14-5) тармақшасына сәйкес Қазақстан Республикасына өз бетінше жұмысқа орналасу үшін келген шетелдік қызметкер;

4) Қазақстан Республикасы ратификациялаған еңбек көші-қоны және еңбекші-мигранттарды әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттар болған кезде шығу елдері бойынша квоталар шеңберінде берілетін рұқсаттар;

5) жұмыскерлер саны 10 адамнан аспайтын шетелдік заңды тұлғалардың өкілдіктері мен филиалдары.

Ескерту. 20-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

21. Инвестициялық басым жобалар үшін кадрлардағы жергілікті қамту жөніндегі шарттарды аумағында жобалар іске асырылатын жергілікті атқарушы органмен және халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органмен келісім бойынша осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша мүдделі орталық мемлекеттік органдар айқындайды.

22. Рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін жұмыс берушілерден Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты бергені және (немесе) ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелеріне сәйкес салық алымы (бұдан әрі – алым) алынады.

Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу немесе ұзарту кезінде біреуден артық әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде алым рұқсатта көрсетілген әрбір әкімшілік-аумақтық бірлік бюджетіне төленеді.

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде біреуден артық әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде берілетін рұқсаттар тегін негізде жүзеге асырылады.

Ескерту. 22-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2025 № 302 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

23. Жұмыс беруші рұқсат беру туралы хабарламаны осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органға рұқсат бергені үшін алымның енгізілгенін растайтын құжаттарды ұсынады.

Жұмыс беруші хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде алымның енгізілгенін растайтын құжаттарды жергілікті атқарушы органға ұсынбаған кезде, жергілікті атқарушы органның рұқсат беру туралы шешімі, сондай-ақ рұқсаттың қолданылуы осы Қағидалардың 41-тармағының 5) тармақшасына сәйкес тоқтатылады.

Бас тарту туралы хабарлама осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

24. Жергілікті атқарушы орган рұқсат бергені үшін алымның енгізілгенін растайтын құжаттарды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында рұқсатты қалыптастырады және жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" жібереді.

24-1. Жұмыс берушілер:

1) Қазақстан Республикасы Еңбек кодексінің (бұданәрі – Кодекс) 23-бабы 2-тармағының 27) тармақшасына сәйкес шетелдік жұмыскерлерімен жасалған еңбек шарттары (корпоративішілік ауыстыру туралы хаттар/келісімдер) бойынша ақпаратты ЕШЕБЖ-ға енгізуді;

2) "Қазақстан Республикасында уақытша болатын шетелдіктерге және азаматтығы жоқ адамдарға жеке сәйкестендіру нөмірін қалыптастыру және түзету" мемлекеттік

қызмет көрсету қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2020 жылғы 27 наурыздағы № 258 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20201 болып тіркелген) сәйкес шетелдік жұмыскердің жеке сәйкестендіру нөмірін алуды қамтамасыз етеді.

Ескерту. 2-тарау 24-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттар:

1) бірінші санат үшін – рұқсат мерзімін бір, екі немесе үш жылға ұзартумен, жұмыс берушінің өтініші негізінде бір, екі немесе үш жылға;

2) екінші және үшінші санаттар үшін – он екі айға ұзартыла отырып, он екі айға, бірақ үш реттен аспайтын мерзімге;

3) төртінші санат үшін – ұзартусыз он екі айға;

4) маусымдық шетелдік жұмыскерлер үшін – ұзартусыз күнтізбелік тоқсан, жүз сексен, екі жүз жетпіс, үш жүз алпыс бес күнге дейін беріледі.

Ескерту. 25-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

26. Осы Қағидалардың шетелдік қызметкерлерге қолданылатын ережесі корпоративішілік ауыстыру шеңберінде немесе осы Қағидалардың 39-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасында жұмыс істеу үшін тартылатын шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға да қолданылады.

27. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

27-1. Егер халықаралық шартта немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында өзгеше тәртіп көзделмесе, жергілікті атқарушы орган білім туралы құжаттардағы заңдастыру мөртабанының немесе апостильдің түпнұсқалығын белгілеу мақсатында Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігіне тиісті сұрау салуларды жолдайды.

Ескерту. 2-тарау 27-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

28. Басқа шетелдік қызметкерге бұрын берілген рұқсатты қайта ресімдеуге рұқсат берілген шетелдік қызметкер жұмыс орнына келмеген немесе онымен еңбек шартын бұзған, хаттың немесе ауысу туралы келісімнің қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін мерзімінен бұрын тоқтатылған, шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін, оның біліктілік талаптарына сәйкес жаңа нөмір

берілген кезде жол беріледі. Кодексінің 16-бабының 16-1) тармақшасында көзделген тәртіппен, осы Қағидаларда белгіленген тәртіппен бастапқыда берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі өткенге дейін қалған мерзімге осы кәсіп үшін белгіленген.

Бұл ретте жұмыс беруші жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларда көзделген рұқсат қайта ресімделетін шетелдік қызметкерге құжаттарды жібереді. Бастапқыда берілген рұқсат осы Қағидалардың 41-тармағының 6) тармақшасына сәйкес тоқтатылуға жатады.

29. Басқа шетелдік жұмыскерге бұрын берілген рұқсатты қайта ресімдеу туралы шешімді жергілікті атқарушы орган құжаттар қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Жергілікті атқарушы органның рұқсатты қайта ресімдеу бойынша қабылданған шешімі туралы хабарлама жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

Ескерту. 29-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

30. Рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзартуға күнтізбелік алпыс күннен ерте емес және рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей жол беріледі.

31. Жергілікті атқарушы орган ұсынылған құжаттар негізінде құжаттарды қабылдаған күннен бастап екі жұмыс күні ішінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру мерзімін ұзарту немесе ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.

Жергілікті атқарушы органның рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзарту туралы оң шешімі болған кезде рұқсат осы Қағидалардың 25-тармағында көзделген мерзімге ұзартылады, бұл ретте рұқсаттың қолданылу мерзімі бұрын берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталған күннен басталады.

32. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

33. Жергілікті атқарушы орган жұмыс берушіге рұқсат беру мерзімін ұзарту туралы не ұзартудан бас тарту туралы хабарламаны электрондық құжат нысанында жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" ұзарту туралы шешім қабылданған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде не шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру мерзімін ұзартудан бас тарту туралы хабарлама жібереді.

34. Жұмыс беруші рұқсатты ұзарту туралы хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы органға рұқсатты ұзартқаны үшін алым енгізілгенін растайтын құжаттарды ұсынады.

35. Жұмыс беруші хабарламаны алған күннен бастап он жұмыс күні ішінде алымның енгізілгенін растайтын құжаттарды жергілікті атқарушы органға ұсынбаған жағдайда, жергілікті атқарушы орган шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған

рұқсаттың қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылдайды және жұмыс берушінің " жеке кабинетіне" бас тарту туралы хабарлама жібереді.

36. Жергілікті атқарушы орган рұқсатты ұзартқаны үшін алымның енгізілгенін растайтын құжаттарды алған күннен бастап бір жұмыс күні ішінде жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында рұқсатты қалыптастырады және жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" жібереді.

37. Жергілікті атқарушы орган ақпараттандыру саласындағы уәкілетті орган белгілеген тәртіппен мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

Рұқсаттар мен хабарламалардың мемлекеттік ақпараттық жүйесі арқылы мемлекеттік қызмет көрсету кезінде мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректер мемлекеттік қызметтер көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне автоматты режимде келіп түседі.

38. Жергілікті атқарушы орган берген рұқсат басқа жұмыс берушілерге берілмейді, тек тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында ғана қолданылады.

Бұл ретте жұмыс берушінің рұқсаттар алынған шетелдік жұмыскерлерді басқа әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағындағы кәсіпорындарға, ұйымдарға іссапарға жіберуіне бір күнтізбелік жыл ішінде күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімге жол беріледі.

39. Қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік құрмай жүзеге асыратын шетелдік заңды тұлға – жұмыс беруші өз жұмыскерлерін жұмыстарды орындауға, жабдықты монтаждау және пайдалануға беру бойынша қызметтерді көрсетуге арналған келісімшарт бойынша Қазақстан Республикасына жіберген жағдайда не шетелдік заңды тұлға – жұмыс беруші өз жұмыскерлерін Қазақстан Республикасына жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін онда мұндай шетелдік заңды тұлға – жұмыс берушінің тікелей немесе жанама қатысу акциясы немесе үлесі бар шетелдік заңды тұлғаның еншілес ұйымына, өкілдігіне, филиалына жіберген жағдайда, пайдасына жұмыстар орындалатын ұйымның уәкілетті адамы ЭҰП арқылы шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметін жүзеге асыру орны бойынша жергілікті атқарушы органға осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес өтінішті ұсынады.

Ескерту. 39-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

40. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат:

1) рұқсатта көрсетілген лауазымға сәйкес келмейтін кәсіп немесе мамандық бойынша шетелдік жұмыскерді тарту;

2) жұмыс берушінің осы Қағидалардың 19-тармағында белгіленген шарттарды сақтамау фактілері белгіленген жағдайларда кері қайтарылады. Бұл ретте жергілікті атқарушы орган саны осы Қағидалардың 19-тармағында белгіленген пайыздық қатынастардан асатын соңғы берілген рұқсаттарды кері қайтарып алады;

3) жұмыс берушінің рұқсатты алу немесе ұзарту үшін дұрыс емес құжаттарды ұсыну фактілері белгіленген жағдайларда кері қайтарылады.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар осындай факт анықталған күннен бастап он екі ай ішінде рұқсат беруден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат мынадай жағдайларда өзінің қолданылуын тоқтатады:

- 1) ол берілген мерзім өткеннен кейін;
- 2) рұқсатты қайтарып алу;
- 3) жеке тұлға-жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған, заңды тұлға – жұмыс беруші таратылған;
- 4) Жұмыс берушінің рұқсатты жергілікті атқарушы органға ерікті түрде қайтаруы;
- 5) рұқсатты бергені және ұзартқаны үшін алым төленгенін растайтын құжаттардың көшірмелері енгізілмеген жағдайда;
- 6) басқа шетелдік қызметкерге рұқсатты қайта ресімдеу.

Жергілікті атқарушы орган осы тармақтың 2), 4) және 6) тармақшаларында көзделген рұқсаттың қолданылуын тоқтату туралы шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің (бұдан әрі – ҚР ІІМ) аумақтық органына рұқсаттың қолданылуын тоқтату туралы ақпарат жібереді.

41-1. "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-1-бабына сәйкес жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру талап етілмейтін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоспағанда, жұмыс берушінің рұқсатынсыз шетелдік жұмыскерлерді тартуға, сондай-ақ рұқсатта көрсетілген кәсіпке немесе мамандыққа сәйкес келмейтін кәсіп немесе мамандық бойынша шетелдік жұмыскерді тартуға жол берілмейді. Мұндай жағдайларда осындай факт анықталған күннен бастап он екі ай ішінде жаңа рұқсаттар берілмейді.

Ескерту. 2-тарау 41-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

42. Осы Қағидалардың жұмыс берушілерге қолданылатын ережесі корпоративішілік ауыстыру шеңберінде немесе осы Қағидалардың 46-тармағына сәйкес шетелдік жұмыс

күшін тартатын, Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген шетелдік заңды тұлғаның заңды тұлғаларына, филиалдарына, өкілдіктеріне де қолданылады.

2-параграф. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жүзеге асырылатын шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттарды беру немесе ұзарту шарттары мен тәртібі

43. Корпоративішілік ауыстыру кезеңінде шетелдік қызметкерге жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимі, сондай-ақ қабылдаушы тараптың еңбек қауіпсіздігі мен еңбекті қорғау жөніндегі талаптары қолданылады, бұл ретте еңбек қатынастары шетелдік қызметкер мен корпоративішілік ауыстыру жүзеге асырылатын заңды тұлға арасында келісілген еңбек шартымен (немесе еңбек қатынастарын растайтын өзге де құжатпен) реттеледі.

44. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жүзеге асырылатын шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттарды беру немесе ұзарту тегін негізде жүзеге асырылады.

45. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік қызметкерлерді тарту шарттарын айқындау мақсатында қызметкерлердің мынадай санаттары белгіленеді:

- 1) басшылар;
- 2) менеджерлер;
- 3) мамандар.

46. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартуға рұқсат басшының, менеджердің және маманның ел аумағында құрылған заңды тұлғада кемінде бір жыл жұмыс тәжірибесі болған жағдайда беріледі – корпоративішілік ауыстыру жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан және жұмыс істейтін Дүниежүзілік сауда ұйымының мүшесі және шетелдік жұмыскерлердің Қазақстан Республикасында қолданылатын басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 01-99 "Қызмет сыныптауышы" мемлекеттік ссыныптауышына сәйкес біліктілік талаптарына сәйкестігі қызметкердің біліктілігі мен кәсіби тәжірибесі туралы корпоративішілік ауыстыру жүзеге асырылатын заңды тұлғаның хатымен, сондай-ақ қызметкердің қажетті біліктілігі мен кәсіби жұмыс тәжірибесі бар екенін растайтын қабылдаушы Тараптың хатымен расталған кезде беріледі.

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын басшылар мен менеджерлердің лауазымдары басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының біліктілік анықтамалығына, басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының 01-99 "Қызмет сыныптауышы" Мемлекеттік сыныптауышына сәйкес басшылар лауазымдары үшін белгіленген біліктілікке қойылатын талаптарға сәйкес келуге тиіс.

47. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартуға рұқсат алу үшін жұмыс беруші не ол уәкілеттік берген тұлға ЭҮП арқылы осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметін жүзеге асыру орны бойынша жергілікті атқарушы органға өтінішті 1-қосымшаға сәйкес ұсынады осы Қағидаларға.

48. Жергілікті атқарушы орган құжаттар келіп түскен күні оларды қабылдауды және тіркеуді жүзеге асырады.

Жұмыс беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижелерін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.

Жұмыс беруші құжаттарды берген кезде жұмыс берушінің "жеке кабинетінде" мемлекеттік көрсетілетін қызмет нәтижесін алған күнін көрсете отырып, мемлекеттік қызмет көрсету үшін сұрау салудың қабылданғаны туралы мәртебе көрсетіледі.

49. Өтінішті қабылдаған жергілікті атқарушы органның қызметкері құжаттарды тіркеу күнін қоспағанда, екі жұмыс күні ішінде жұмыс берушіден қабылданатын құжаттар топтамасының толықтығы мен дұрыстығын тексереді және осы Қағидалардың 47-тармағында көзделген құжаттар толық көлемде ұсынылмаған және (немесе) белгіленген нысан бойынша толтырылмаған, сондай-ақ ұсынылған құжаттардың және (немесе) құжаттардың дұрыс емесігі анықталған жағдайларда осы Қағидалардың 6-тармағына сәйкес өтінішті одан әрі қараудан бас тартады.

50. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартуға рұқсат беру не беруден бас тарту туралы шешімді жергілікті атқарушы орган Жұмыс берушінің құжаттары қабылданған күннен бастап жеті жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Ескерту. 50-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

51. Жергілікті атқарушы орган корпоративішілік ауыстыру шеңберінде рұқсат беру не беруден бас тарту туралы қабылданған шешім туралы жұмыс берушіні ол қабылданған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде хабардар етеді.

52. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартуға рұқсат беру туралы шешім қабылданған жағдайда, жергілікті атқарушы орган осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жұмыс берушінің "Жеке кабинетіне" хабарлама жібереді.

53. Рұқсатты беру және ұзарту бойынша жергілікті атқарушы орган қабылдаған шешім туралы нәтиже осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес электрондық құжат нысанында жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" жергілікті атқарушы орган басшысының қол қойылған ЭЦҚ-мен жіберіледі.

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартуға рұқсат беруден бас тарту туралы шешім қабылдаған кезде жергілікті атқарушы орган жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" мемлекеттік қызметті көрсетуге қойылатын талаптар тізбесінің 9-тармағына сәйкес негіздемесін көрсете отырып, осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында хабарлама жібереді.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. Рұқсат беру кезінде жұмыс беруші өз таңдауы бойынша мынадай ерекше шарттардың бірін таңдап алады:

1) тартылатын шетелдік жұмыскер мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары арасынан өз жұмыскерлерін кәсіптік даярлау;

2) тартылатын шетелдік жұмыскер мамандығы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары арасынан өз жұмыскерлерін қайта даярлау;

3) Қазақстан Республикасының азаматтары арасынан өз жұмыскерлерінің біліктілігін арттыру;

4) шетелдік жұмыскерлер тартылатын мамандықтар бойынша Қазақстан Республикасының азаматтары үшін қосымша жұмыс орындарын құру.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Жұмыс берушіде кадрларда жергілікті қамтуды ұлғайту жөніндегі бағдарлама болған кезде ерекше шарттарды қабылдау талап етілмейді.

56. Корпоративішілік аудару кезінде:

менеджерді алса - жұмыс беруші осы Қағидалардың 54-тармағында көзделген шарттардың бірін таңдайды;

маманды алса -жұмыс беруші осы Қағидалардың 54-тармағының 1), 3) және 4) тармақшаларында көзделген шарттардың бірін таңдайды.

57. Жұмыс беруші шетелдік жұмыс күшін тартуға берілетін рұқсаттар санына сәйкес ерекше шарттардың санын қабылдайды.

58. Рұқсат алу үшін қабылданатын ерекше шарттар туралы ақпарат Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

59. Көзделген шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттардың шарттарын орындау:

осы Қағидалардың 54-тармағының 3) және 4) тармақшаларымен рұқсаттың қолданылу мерзімі ішінде жүргізіледі;

осы Қағидалардың 54-тармағының 1) және 2) тармақшаларымен рұқсаттың қолданылу мерзімінің алғашқы алты айы ішінде басталады.

60. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартатын жұмыс беруші корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартылатын, тиісті санаттағы қазақстандық кадрлар санына елу пайыздан аспайтын шетелдік жұмыскерлер (менеджерлер мен мамандар) санының пайыздық арақатынасын қамтамасыз етеді.

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік қызметкерлерді тарту кезінде кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпаратты жұмыс беруші осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жергілікті атқарушы органға ұсынады.

61. Шетелдік қызметкерді басшы лауазымдарына тарту кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының санына арақатынасты сақтау жөніндегі талаптар қолданылмайды.

62. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

63. Басқа шетелдік қызметкерге корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға бұрын берілген рұқсатты қайта ресімдеу біліктілік талаптарына сәйкес болған кезде жаңа нөмір бере отырып, шетелдік жұмыс күшін тарту, осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті мемлекеттік қызмет стандартының құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттармен расталған шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берілген шетелдік қызметкер жұмыс орнына келмеген немесе онымен еңбек шартын бұзған, хаттың немесе ауыстыру туралы келісімнің қолданылу мерзімі рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда жүзеге асырылады.

Қайта ресімделген рұқсат бастапқыда берілген рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін қалған мерзімге беріледі.

64. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға бұрын берілген рұқсатты басқа шетелдік жұмыскерге қайта ресімдеу туралы шешімді жергілікті атқарушы орган құжаттар қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде қабылдайды.

Ескерту. 64-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

65. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттың қолданылу мерзімін ұзартуға күнтізбелік алпыс күннен ерте емес және рұқсаттың қолданылу мерзімі аяқталғанға дейін күнтізбелік отыз күннен кешіктірілмей жол беріледі.

66. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде рұқсатты ұзарту туралы шешімді жергілікті атқарушы орган Қағидаларға сәйкес құжаттар қабылданған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жүзеге асырады.

Ескерту. 66-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

67. Жергілікті атқарушы орган жұмыс берушіге рұқсат беру мерзімін ұзарту не ұзартудан бас тарту туралы хабарламаны" корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру мерзімін ұзарту туралы не ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылданған күннен кейін бір жұмыс күні ішінде электрондық құжат нысанында жұмыс берушінің жеке кабинетіне жібереді.

68. Жергілікті атқарушы орган осы Қағидалардың 37-тармағына сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету мониторингінің ақпараттық жүйесіне мемлекеттік қызмет көрсету сатысы туралы деректерді енгізуді қамтамасыз етеді.

69. Рұқсатты ұзарту кезінде жұмыс беруші осы Қағидалардың 54-тармағына сәйкес өз таңдау бойынша ерекше шарттардың бірін таңдайды.

70. Рұқсатты ұзарту үшін қабылданатын ерекше жағдайлар туралы ақпарат осы Қағидалардың 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ұсынылады.

71. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру шарттарын орындау осы Қағидалардың 59-тармағына сәйкес көзделеді.

72. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартатын жұмыс беруші осы Қағидалардың 60-тармағына сәйкес пайыздық арақатынасты қамтамасыз етеді.

73. Алып тасталды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74. Жергілікті атқарушы орган мынадай жағдайларда корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға қолданыстағы рұқсаттарды кері қайтарып алуды жүргізеді:

1) рұқсатта көрсетілген кәсіпке немесе мамандыққа сәйкес келмейтін кәсіп немесе мамандық бойынша шетелдік жұмыскерді тарту;

2) жұмыс берушінің осы Қағидалардың 60-тармағында белгіленген шарттарды сақтамауы. Бұл ретте жергілікті атқарушы орган саны осы Қағидалардың 60-тармағында белгіленген пайыздық қатынастардан асатын соңғы берілген рұқсаттарды кері қайтарып алады.

Жергілікті атқарушы орган рұқсатты кері қайтарып алған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес шетелдік жұмыс күшін тартуға кері қайтарып алынған рұқсаттар туралы ақпаратты облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың ҚР ІІМ аумақтық органына жібереді.

Осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген жағдайлар осындай факт анықталған күннен бастап он екі ай ішінде рұқсат беруден бас тарту үшін негіз болып табылады.

Ескерту. 74-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

74-1. "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 36-1-бабына сәйкес жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру талап етілмейтін шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоспағанда, жұмыс берушінің рұқсатынсыз шетелдік жұмыскерлерді корпоративішілік ауыстыру шеңберінде тартуға, сондай-ақ рұқсатта көрсетілген кәсіпке немесе мамандыққа сәйкес келмейтін кәсіп немесе мамандық бойынша шетелдік жұмыскерді тартуға жол берілмейді. Мұндай жағдайларда осындай факт анықталған күннен бастап он екі ай ішінде жаңа рұқсаттар берілмейді.

Ескерту. 2-тарау 74-1-тармақпен толықтырылды – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

75. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттар еңбек шартында көрсетілген, бірақ он екі айға бір реттен аспайтын мерзімге ұзарту құқығымен үш жылдан аспайтын мерзімге беріледі.

Еңбек шарты болмаған кезде корпоративішілік ауыстыру мерзімі корпоративішілік ауыстыру туралы хатпен немесе келісіммен (шартпен) айқындалады, бірақ он екі айға бір реттен артық емес ұзарту құқығымен үш жылдан аспайды.

76. Жергілікті атқарушы орган берген рұқсат басқа жұмыс берушілерге берілуге жатпайды, жұмыс беруші рұқсаттар алған шетелдік жұмыскерлерді өзге әкімшілік-аумақтық бірліктердің аумағындағы кәсіпорындарға, ұйымдарға іссапарға жіберуді қоспағанда, тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында күнтізбелік тоқсан күннен аспайтын мерзімге ғана қолданылады. бір күнтізбелік жыл ішінде.

77. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат мынадай жағдайларда өзінің қолданылуын тоқтатады:

- 1) ол берілген мерзім өткеннен кейін;
- 2) рұқсатты қайтарып алу;
- 3) жеке тұлға-жұмыс берушінің қызметі тоқтатылған, заңды тұлға – жұмыс беруші таратылған;
- 4) жұмыс берушінің рұқсатты жергілікті атқарушы органға ерікті түрде қайтаруы.

78. Жергілікті атқарушы орган:

1) корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жұмыс істейтін шетелдік қызметкерлердің есебін жүргізеді;

2) ай сайын, есепті кезеңнен кейінгі айдың 10-күніне дейінгі мерзімде халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органды, сондай-ақ еңбек жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органның аумақтық бөлімшесін корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жұмыс істейтін шетелдік жұмыскерлер туралы хабардар етеді.

Ескерту. 78-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2024 № 390 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

79. Шетелдік қызметкердің тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясының өзгеруіне байланысты және жұмыс беруші-Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы немесе шетелдік заңды тұлға филиалы (өкілдігі) бірігу, қосылу, бөліну, бөліну немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда, сондай-ақ оның атауы немесе атауы өзгерген жағдайда рұқсатты қайта ресімдеу үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатта көрсетілген деректемелерді, не ол уәкілеттік берген тұлға ЭҮП арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінде көрсетілген құжаттарды қоса бере отырып, шетелдік жұмыс күшінің еңбек қызметін жүзеге асыру орны бойынша жергілікті атқарушы органға өтінішті ұсынады.

Жергілікті атқарушы орган өтініш берілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде жаңа нөмір бере отырып, рұқсатты қайта ресімдейді.

Рұқсатты қайта ресімдеу бойынша жергілікті атқарушы органның қабылданған шешімі туралы хабарлама жергілікті атқарушы орган басшысының ЭЦҚ қойылған электрондық құжат нысанында жұмыс берушінің "жеке кабинетіне" жіберіледі.

80. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алған жұмыс берушілер осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес migration.enbek.kz ақпараттық жүйесіне ерекше шарттардың және тартылатын шетелдік жұмыс күші туралы мәліметтерді енгізеді.

Ескерту. 80-тармақ жаңа редакцияда көзделген – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

81. Шетелдік жұмыскер шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат берілген жұмыс орнына келмеген жағдайда жұмыс беруші ерекше шартты орындамайды.

Бұл ретте, жұмыс беруші шетелдік қызметкердің келмегені туралы хабарламаны жергілікті атқарушы органға жібереді.

3-тарау. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселесі бойынша жергілікті атқарушы органның немесе оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану тәртібі

82. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша жергілікті атқарушы органның және (немесе) оның лауазымды адамдарының шешімдеріне, әрекеттеріне (әрекетсіздігіне) шағымдану: шағым тиісті облыс, республикалық маңызы бар қалалар, астана әкімінің аппаратына беріледі, ол 5 (бес) жұмыс күні ішінде қаралады.

Ескерту. 82-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

83. Көрсетілген мемлекеттік қызметтің нәтижелерімен келіспеген жағдайларда жұмыс беруші Халықты жұмыспен қамту мәселелері жөніндегі уәкілетті органға немесе Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен сотқа жүгінеді.

Жұмыс берушілерге шетелдік
жұмыс күшін тартуға рұқсат
беру және ұзарту, сондай-ақ
корпоративішілік ауыстыруды
жүзеге асыру қағидалары
мен шарттарына
1-қосымша
нысан

Қайда _____
(облыстың, республикалық
маңызы бар қаланың, астананың
жергілікті атқарушы органының
атауы)

Кімнен _____
(занды немесе жеке тұлғаның
толық атауы)

ӨТІНІШ

Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты (ларды) беруді/ұзартуды/қайта ресімдеуді (керегінің астын сызуды) сұраймын _____
(облыс, республикалық маңызы бар қала (лар), астана көрсетілсін)
_____ адамға, оның ішінде: бірінші санат бойынша - ____ адам, оның ішінде лауазымдар (кәсіптер) бойынша (рұқсаттың қолданылу мерзімін көрсету (рұқсатты беру/ұзарту кезінде):

екінші санат бойынша - _____ адам, оның ішінде лауазымдар (кәсіптер) бойынша:

үшінші санат бойынша - _____ адам, оның ішінде лауазымдар (кәсіптер) бойынша:

төртінші санат бойынша - _____ адам, оның ішінде лауазымдар (кәсіптер) бойынша:

маусымдық жұмыстарға - _____ адам, оның ішінде лауазымдар (кәсіптер) бойынша (рұқсаттың қолданылу мерзімін көрсету (рұқсат беру кезінде):

Шетелдік жұмыс күші еңбек қызметін жүзеге асыратын экономикалық қызмет түрі:

Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде ауыстырылатын шетелдік қызметкерлерді тарту кезінде:

Облыс (қала): _____

—

Шетелдік жұмыскерлердің саны: _____ адам, оның ішінде: басшы _____ адам, лауазымы

;

менеджерлер _____ адам, оның ішінде лауазымдар (кәсіптер) бойынша:

;

мамандар _____ адам, оның ішінде лауазымдар (кәсіптер) бойынша:

Жұмыс берушінің (қабылдаушы ұйымның) атауы:

Жұмыс беруші (қабылдаушы ұйым) туралы мәліметтер:

Ұйымның меншік нысаны

Құрылған күні 20__ жылғы "____" _____.

Қазақстан Республикасының Әділет органдарында тіркеу туралы куәлік

(нөмір, қашан және кім берді) жеке сәйкестендіру нөмірі:

,

бизнес сәйкестендіру нөмірі: _____

Жүзеге асырылатын қызмет түрі:

Кәсіпкерлік субъектісінің санаты:

(шағын / орта / ірі кәсіпкерлік субъектісі)

Мекен-жайы, телефоны, факсы: _____

—

Қоса беріліп отырған құжаттар: _____

Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру/ұзарту/қайта ресімдеу қажеттілігінің негіздемесі: _____

Шетелдік заңды тұлғаның-Жұмыс берушінің толық атауы: _____

Резиденттік елінде тіркеу туралы деректер: _____

(№ , мемлекеттік тіркеу күні және тіркеу органының атауы)

Резиденттік елдегі салықтық тіркеу нөмірі немесе оның баламасы: _____

Жүзеге асырылатын қызмет түрі: _____

Резиденттік елдегі орналасқан жері, телефон: _____

Шетелдік жұмыс күшін тарту қажеттілігінің негіздемесі: _____

Шетелдік жұмыскерлерді тарту кезінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттарды беру немесе ұзарту сондай-ақ "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы

Заңының 11-бабының 14-4) тармақшасына сәйкес бекітілген корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарының 39-тармағына сәйкес: _____

Шетелдік заңды тұлғаның-жұмыс берушінің толық атауы: _____

Резиденттік елінде тіркеу туралы деректер: _____

(№ , мемлекеттік тіркеу күні және тіркеу органының атауы)

Резиденттік елдегі салықтық тіркеу нөмірі немесе оның баламасы _____

Жүзеге асырылатын қызмет түрі: _____

Резиденттік елдегі орналасқан жері, телефон: _____

"Қолданыстағы Қағидалармен және шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттарды беру немесе ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру шарттарымен таныстым (а)".

"Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту" мемлекеттік қызметін көрсету үшін қажетті менің дербес деректерімді жинауға

және

өңдеуге келісім беремін.

Басшы _____

(қолы, тегі, аты-жөні, лауазымы)

20__ жылғы "___" _____.

Өтініш қарауға қабылданды 20__ жылғы "___" _____.

(жауапты тұлғаның тегі, аты-жөні, қолы)

Жұмыс берушілерге шетелдік
жұмыс күшін тартуға рұқсат
беру және ұзарту, сондай-ақ
корпоративішілік ауыстыруды
жүзеге асыру қағидалары
мен шарттарына
2-қосымша

"Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту"
мемлекеттік қызмет көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі

Ескерту. 2-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің м.а. 28.036.2025 № 93 (01.09.2025 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 30.09.2025 № 302 (01.01.2026 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің атауы: "Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту".

Мемлекеттік көрсетілетін қызметтің кіші түрінің атауы:

1. бірінші, екінші, үшінші, төртінші санаттар бойынша шетелдік жұмыс күшін тартуға және маусымдық шетелдік жұмыскерлер үшін рұқсат беру;
2. шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты қайта ресімдеу;
3. шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты ұзарту;
4. корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат алу немесе қайта ресімдеу;
5. корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты ұзарту;

6. шетелдік жұмыскердің тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі және сериясы өзгеруіне байланысты және жұмыс беруші-Қазақстан Республикасының заңды тұлғасы немесе шетелдік заңды тұлға филиалы (өкілдігі) қосылу, бірігу, бөлу, бөлініп шығу немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда, сондай-ақ шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатта көрсетілген оның атауы немесе деректемелер өзгерген жағдайда рұқсатты қайта ресімдеу.

1	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары
2	Мемлекеттік қызметті көрсету тәсілдері	"электрондық үкімет" www.egov.kz , www.elicense.kz веб-порталы немесе migration.enbek.kz ақпараттық жүйесі
3	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Рұқсат беру 19 жұмыс күні ішінде жүзеге асырылады, оның ішінде: шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру/ұзарту туралы қабылданған шешім туралы хабарлама – 8 (сегіз) жұмыс күні ішінде; рұқсат бергені үшін алым төлемін енгізу мерзімі шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру/ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күні; рұқсатты қайта ресімдеу – 6 (алты) жұмыс күні; рұқсатты ұзарту – 3 (үш) жұмыс күні; біреуден артық әкімшілік-аумақтық бірлік шегінде рұқсатты беруді немесе ұзартуды келісу – 3 жұмыс күні; рұқсат беру немесе беруден бас тарту туралы қабылданған шешім туралы хабарлама – 4 (төрт) жұмыс күні ішінде; рұқсат бергені үшін алым төлемін енгізу мерзімі шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру/ұзарту туралы шешім қабылданған күннен бастап 10 жұмыс күні; корпоративішілік ауыстыру шеңберінде: рұқсат беру – 8 (сегіз) жұмыс күні; рұқсатты қайта ресімдеу – 6 (алты) жұмыс күні;

		рұқсатты ұзарту – 6 (алты) жұмыс күні.
4	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (толық автоматтандырылған)
5	Мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесі	Осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат, қайта ресімделген және ұзартылған рұқсат не мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту туралы дәлелді жауап. Қызмет көрсету нәтижесін ұсыну нысаны – электрондық
6	Мемлекеттік қызметті көрсету кезінде жұмыс берушіден алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Мемлекеттік қызмет жеке және заңды тұлғаларға ақылы/тегін көрсетіледі. 1) шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсаттарды беру немесе ұзарту жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатты бергені немесе ұзартқаны үшін алым мөлшерлемелерінің мөлшеріне сәйкес ақылы негізде көрсетіледі; 2) шетелдік жұмыс күшін тартуға бұрын берілген рұқсаттарды қайта ресімдеу, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттарды беру, ұзарту немесе қайта ресімдеу жөніндегі мемлекеттік көрсетілетін қызмет жұмыс берушіге тегін негізде көрсетіледі. Салық алымын төлеу осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының Қазақстан Республикасына шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру не ұзарту туралы шешім қабылдағаны туралы хабарламаны алған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде екінші деңгейдегі банктер және банк операцияларының жекелеген

		түрлерін жүзеге асыратын ұйымдар арқылы қолма-қол және қолма-қол емес нысандарда жүзеге асырылады. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде жүзеге асырылатын шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсаттарды беру немесе ұзарту тегін негізде жүзеге асырылады.
7	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	"электрондық үкімет" www.egov.kz және www.elicense.kz веб-порталының немесе migration.enbek.kz порталының жұмыс кестесі – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (жұмыс беруші жұмыс уақыты аяқталғаннан кейін, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексіне (бұдан әрі – Кодекс) сәйкес демалыс және мереке күндері жүгінген кезде өтініштерді қабылдау және Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесін беру келесі жұмыс күні жүзеге асырылады); Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары – Кодекске сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден жұмаға дейін сағат 9.00-ден 18.30-ға дейін, түскі үзіліс сағат 13.00-ден 14.30-ға дейін. Мемлекеттік қызмет көрсету орындарының мекенжайлары облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдарының интернет-ресурсында орналастырылған. Бірінші, екінші, үшінші, төртінші санаттар бойынша және маусымдық шетелдік жұмыскелер үшін шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру
		1. Маусымдық шетелдік жұмыскерлерді тарту кезінде: 1) осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жұмыс

берушінің электрондық цифрлық қолтаңбасы (бұдан әрі – ЭЦҚ);

2) тегін, атын, әкесінің атын (бар болса) (оның ішінде латын әріптерімен), туған күнін, азаматтығын, паспорттың (жеке басты куәландыратын құжаттың) нөмірін, күнін және берген орган, тұрақты тұратын елін, шыққан елін, білімін, Кодекстің 16-бабының 16-1) тармақшасына сәйкес мамандығының атауы Қазақстан Республикасында қолданылатын кәсіптік стандарттарға, Басшылар, мамандар және басқа да қызметшілер лауазымдарының, ұйымдар басшылары, мамандары және басқа да қызметшілері лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларына, Жұмыстар мен жұмысшы кәсіптерінің бірыңғай тарифтік-біліктілік анықтамалығына, жұмысшы кәсіптерінің тарифтік-біліктілік сипаттамаларының біліктілік анықтамалығына және 01-2017 "Қызмет сыныптауышы" Қазақстан Республикасының ұлттық сыныптауышына (бұдан әрі – Біліктілік талаптары) сәйкес келуін көрсете отырып, тартылатын шетелдік жұмыскерлер туралы мәліметтер (бұдан әрі – тартылатын шетелдік жұмыскерлер туралы мәліметтер);

3) шетелдік жұмыскердің жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі;

4) рұқсат беру үшін алымның енгізілгенін растайтын құжат.

2. Бірінші, екінші, үшінші және төртінші санаттар бойынша шетелдік жұмыскерлерді тарту кезінде:

1) жұмыс берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған өтініші;

2) тартылатын шетелдік жұмыскерлер туралы мәліметтер;

3) Қазақстан Республикасының күшіне енген халықаралық шарттарында көзделген жағдайларды қоспағанда, Қазақстан Республикасының

заңнамасында белгіленген тәртіппен заңдастырылған білім туралы нотариат куәландырған құжаттардың және аудармалардың (егер құжат мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылмаған болса) электрондық көшірмелері;

4) жұмыстарды орындауға, қызметтер көрсетуге арналған келісімшарттың нотариат куәландырған электрондық көшірмесі және аудармасы (егер құжат мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылмаған болса) (егер шетелдік заңды тұлға-жұмыс беруші өз қызметін Қазақстан Республикасында филиал, өкілдік құрмай Қағидалардың 39-тармағына сәйкес жүзеге асырған жағдайда);

шетелдік жұмыскер мен шетелдік жұмыскерді уақытша ауыстыру жүзеге асырылатын шетелдік заңды тұлға-жұмыс беруші арасында келісілген құжаттың (хаттың немесе ауыстыру туралы келісімнің) нотариат куәландырған электрондық көшірмесі және аудармасы (егер құжат мемлекеттік немесе орыс тілінде толтырылмаған болса) (шетелдік заңды тұлға-жұмыс беруші өз жұмыскерлерін Қазақстан Республикасына жұмыстарды орындау, қызметтерді көрсету үшін мұндай заңды тұлға - жұмыс берушінің тікелей немесе жанама түрде акциялары немесе қатысу үлестері бар шетелдік заңды тұлғаның еншілес ұйымына, өкілдігіне, филиалына жіберген жағдайда);

5) шетелдік жұмыскердің біліктілігі мен кәсіби тәжірибесінің оны тарту жүзеге асырылатын лауазымға сәйкестігін растайтын жұмыс беруші хатының электрондық көшірмесі;

6) осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру кезінде шетелдік жұмыскерлерді қазақстандық азаматтарға

ауыстыруды орындау туралы ақпарат;

7) осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпарат (шағын кәсіпкерлік субъектілері, мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындарды, шетелдік заңды тұлғалардың жұмыскерлерінің саны 10 адамнан аспайтын өкілдіктері мен филиалдарын, "Халықтың көші-қоны туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 11-бабының 14-5) тармақшасына сәйкес өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін шетелдікке немесе азаматтығы жоқ адамға біліктілігінің сәйкестігі туралы анықтамалар беру немесе ұзарту қағидаларына, шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдардың өз бетінше жұмысқа орналасуы үшін экономиканың басым салаларының (экономикалық қызмет түрлерінің) және оларда сұранысқа ие кәсіптердің тізбесіне сәйкес Қазақстан Республикасы ратификациялаған еңбек көші-қоны және еңбекші көшіп-қонушыларды әлеуметтік қорғау саласындағы ынтымақтастық туралы халықаралық шарттар болған кезде шығу елдері бойынша квоталар шегінде берілетін рұқсаттар бойынша Қазақстан Республикасына өз бетінше жұмысқа орналасу үшін келген шетелдік жұмыскерлерді қоспағанда);

8) осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес белгіленген нысан бойынша инвестициялық басым жобалар үшін кадрлардағы жергілікті қамту шарттары туралы құжаттың нотариат куәландырған көшірмесі;

9) осы Қағидалардың 14-тармағына сәйкес шетелдік жұмыскерлерді қазақстандық азаматтарға ауыстыру туралы ақпарат;

Көрсетілетін қызметті алушыдан мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті құжаттар мен мәліметтер тізбесі

10) тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің аумағында қызметтер көрсету туралы шарттың электрондық көшірмесі (бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде шетелдік жұмыс күшін тарту кезінде);

11) сұрау салынатын шетелдік жұмыс күшіне қажеттілікті қанағаттандыру туралы тиісті әкімшілік аумақтық бірліктің уәкілетті органы хатының электрондық көшірмесі (бірнеше әкімшілік-аумақтық бірліктер шегінде шетелдік жұмыс күшін тарту кезінде);

12) шетелдік жұмыскердің жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі;

13) рұқсат бергені үшін алымның енгізілгенін растайтын құжат;

3. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты қайта ресімдеу:

1) шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты қайта ресімдеу үшін мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті құжаттар тізбесінің 2-тармағында көзделген құжаттар ұсынылады.

4. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты ұзарту:

1) жұмыс берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған өтініші;

2) тартылатын шетелдік жұмыскерлер туралы мәліметтер;

3) кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпарат;

4) шетелдік жұмыскердің жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі;

5) рұқсат бергені үшін алымның енгізілгенін растайтын құжат.

5. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе қайта ресімдеу:

1) жұмыс берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған өтініші;

2) еңбек шартының (Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдің аумағында құрылған, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан және әрекет

ететін заңды тұлғамен жасалған) не жұмыс берушімен (Дүниежүзілік сауда ұйымына мүше елдің аумағында құрылған, Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде орналасқан және әрекет ететін заңды тұлғамен жасалған), Қазақстан Республикасында құрылған/есептік тіркеуден өткен аталған заңды тұлғаның филиалымен, өкілдігімен, аффилиирленген тұлғасымен жасалған корпоративішілік ауыстыру туралы хаттың немесе келісімнің нотариат куәландырған аудармасы (құжат қазақ немесе орыс тілінде толтырылмаған болса);

3) Қазақстан Республикасында танылатын растаушы құжаттар қоса берілген жұмыскердің еңбек қызметі туралы ақпарат;

4) осы Қағидалардың 80-тармағына сәйкес шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру кезінде жүктелген ерекше шарттардың орындалуы туралы ақпарат;

5) шетелдік жұмыскердің корпоративішілік ауыстыру жүзеге асырылатын лауазымның біліктілігі мен кәсіби тәжірибесіне сәйкестігін растайтын шетелдік заңды тұлға – жұмыс беруші хатының электрондық көшірмесі, сондай-ақ қабылдаушы тараптан жұмыскердің қажетті біліктілігі мен кәсіби жұмыс тәжірибесі бар екенін растайтын хат;

6) осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша рұқсаттарды алу және ұзарту үшін қабылданатын ерекше шарттар туралы ақпарат;

7) осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыскерлерді тартқан кезде кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпарат;

8) кадрлардағы жергілікті қамтуды ұлғайту жөніндегі бағдарламаның электрондық көшірмесі (бар болса);

9) шетелдік жұмыскердің жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі;

6. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсатты ұзарту:

1) жұмыс берушінің ЭЦҚ-мен куәландырылған өтініші;

2) осы Қағидалардың 80-тармағына сәйкес орындау мерзімі басталған, өткен және ағымдағы күнтізбелік жылдар үшін берілген рұқсаттардың ерекше шарттарын орындау туралы ақпарат;

3) корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартқан кезде кадрлардағы жергілікті қамту туралы ақпарат;

4) рұқсаттардың мерзімін ұзартудың негіздемесі; шетелдік жұмыскердің жеке басын куәландыратын құжаттың электрондық көшірмесі;

5) қабылданатын ерекше жағдайлар туралы ақпарат.

7. Шетелдік жұмыскердің тегі, аты, әкесінің аты, жеке басын куәландыратын құжаттың нөмірі мен сериясының өзгеруіне байланысты және жұмыс беруші-Қазақстан

Республикасының заңды тұлғасы немесе шетелдік заңды тұлғаның филиалы (өкілдігі) бірігу, қосылу, бөліну, бөлініп шығу немесе қайта құру нысанында қайта ұйымдастырылған жағдайда, сондай-ақ оның атауы немесе шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатта көрсетілген деректемелері өзгерген жағдайда, рұқсатты қайта ресімдеу үшін:

1) жұмыс берушінің ЭЦҚ-сы арқылы куәландырылған өтініш;

2) шетелдік жұмыскердің тегі, аты, әкесінің атының, жеке басын куәландыратын құжатының нөмірі мен сериясының өзгергенін, Қазақстан Республикасының жұмыс берушісі-заңды тұлғасының немесе шетелдік заңды тұлға филиалының (өкілдігінің) бірігу, қосылу, бөліну,

		бөлініп шығу немесе қайта құру түрінде қайта құрылуын растайтын, сондай-ақ оның атауы немесе шетелдік жұмыс күшін тартуға арналған рұқсатта көрсетілген деректемелер өзгерген жағдайда растайтын құжаттардың электрондық көірмелері
		1. Шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту (қайта ресімдеу) кезінде: 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау; 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі; 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы; 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша; 5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша;

Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер

5) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер.

2. Корпоративішілік ауыстыру шеңберінде шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру немесе ұзарту (қайта ресімдеу) кезінде:

- 1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттардың және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) анық еместігін анықтау;
- 2) көрсетілетін қызметті алушының және (немесе) мемлекеттік қызмет көрсету үшін қажетті ұсынылған материалдардың, объектілердің, деректердің және мәліметтердің Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінде белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;
- 3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе мемлекеттік көрсетілетін қызметті алуды талап ететін жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;
- 4) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты соттың заңды күшіне енген үкімінің болуы, оның негізінде көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алумен байланысты арнаулы құқығынан айырылуы бойынша;
- 5) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызмет көрсету үшін талап етілетін, "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес берілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге келісімі болмауы бойынша;
- 6) Қазақстан Республикасының заңдарында көзделген мемлекеттік қызмет көрсетуден бас тарту үшін өзге де негіздер.

10	Мемлекеттік қызмет көрсету ерекшеліктерін ескере отырып, оның ішінде электрондық нысанда көрсетілетін өзге де талаптар	Бизнес сәйкестендіру нөмірі және электрондық цифрлық қолтаңба болған кезде мемлекеттік қызметті, сондай-ақ www.egov.kz "электрондық үкімет" және www.elicense.kz веб-порталы немесе migration.enbek.kz порталы арқылы қашықтан қол жеткізу режимінде рұқсатты беру, қайта ресімдеу және ұзарту туралы ақпаратты алу мүмкіндігі бар. Жұмыс берушінің "электрондық үкімет" www.egov.kz және www.elicense.kz веб-порталдың немесе migration.enbek.kz порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы қашықтықтан қол жеткізу режимінде Мемлекеттік қызмет көрсетудің тәртібі мен мәртебесі туралы ақпарат алу мүмкіндігі бар. Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары 1414, 8-800-080-7777.
----	--	---

Жұмыс берушілерге шетелдік жұмыс күшін тартуға рұқсат беру және ұзарту, сондай-ақ корпоративішілік ауыстыруды жүзеге асыру қағидалары мен шарттарына
3-қосымша
нысан

_____ (рұқсат беруші
органның толық атауы)

Шетелдік жұмыс күшін тартуға РҰҚСАТ

20 __ жылғы " __ " _____

№ _____

Жұмыс беруші

(заңды тұлға үшін: атауы, мекенжайы,

тіркеу нөмірі, тіркелген күні, бизнес сәйкестендіру нөмірі;

жеке тұлға үшін: тегі, аты, әкесінің аты (бар болса), жеке сәйкестендіру нөмірі, үйінің мекенжайы)

Рұқсат қолданылатын аумақ _____

